

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№105(2488) 05/11/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙКЕСӨЗ

Абылайхан ЕСІРКЕПОВ

«KTZ EXPRESS» АҚ ТХКБ МУЛЬТИ-МОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛДАРДЫ САТУ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ДИРЕКТОРЫ:

“ KTZ EXPRESS КЛИЕНТТЕРІ ҮШІН КЕЛИФТЕН ЦИНДАОҒА ЖІБЕРІЛГЕН ЖАҢА КОНТЕЙНЕР-ЛІК СЕРВИСТІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ – ОЛ ТҮРКІМЕНСТАННАН ҚЫТАЙ НАРЫҚТАРЫНА ЖҮКТІ ЖЕТКІЗУДІҢ ОҢТАЙЛЫ УАҚЫТЫ БОЛЫП ОТЫР. ЖАҢА БАҒЫТ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІН АШУМЕН ҚАТАР ЖҮК АҒЫНЫНЫҢ КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ”

ХАБАР-ОЩАР

ЕРІКТІЛЕР ҚАТАРЫ АРТҚАН



Үкімет делегациясының Ақтөбе жастарымен кездесуінде теміржолшылар төрден көрінді. Оған себеп те жоқ емес. Өңірде қызметтерімен қатар қайырымдылық шараларында белсенді атсалысатын теміржолшылар көбейген.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған жұмыс тобы Ақтөбеде белсенді жастармен кездесу өткізді. Қоғам белсенділерін Жастар жылына кейін ілесіп келетін Еріктілер жылында да ұйымшыл болуға шақырды. Жынында сөз алған жас теміржолшы Руслан Жұмағалиев қайырымдылық істе жүздеріне жұмылып жүрген ерікті теміржолшылардың қатары жыл санап артып келе жатқанын айтты. «Ізгі іске бастама болып жүрген теміржолшылар аз емес. Бөлімшеде әртүрлі акциялар ұйымдастыруға арнайы жоспарлар құрылады. Аз қамтылған отбасылар мен көмекке мұқтаж қарттарымыз әрқашан назарда. Жастар саясатына үлес қосып жүрген белсенді ерікті жастарымыздың саны жыл санап артып келеді. Олар қайырымдылық жұмыстарында өз қалталарынан қаржы шығарып, тамшыдан көл жасап отыр. Жиналған қаржының бәрі игі істер үшін жұмсалуда. Мұқтаж жандарға, жағдайы төмен отбасыларға, балалар үйіне жұмсалды. Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастыруынан бастап, әлеуметтік жобалардың жүйелі жүзеге асуына жастар өзіндік үлес қосады», – деді Ақтөбе ЖТ техникалық бөлім басшысының орынбасары Руслан Жұмағалиев. Дөңгелек үстел басына жиналғандар еріктілердің қоғамда алар орны мен еріктілер қызметінің қыр-сыры туралы ойларымен, тәжірибелерімен бөлісті. Жастар ұйымдарының жетекшілері ойларын ортаға салды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе

БҮГІНГІ САҢ

ӨТКЕН 9 АЙДА «KTZ-KHORGOS GATEWAY» ҚҰРҒАҚ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ

110 000

ЖИЫРМАФУТТЫҚ БАЛАМАДАҒЫ КОНТЕЙНЕР ЖӨНӨЛТІЛДІ

ПЕРЕВОЗКИ



ПОТЕНЦИАЛ НЕ ИСЧЕРПАН

На сегодняшний день обмен поездов между станциями Достык и Алашанькоу достиг 17 поездов, что является рекордом за всю историю становления пограничного перехода. Для станции Достык и для всего Алматинского отделения грузовых перевозок – это значимое событие, которому способствовала слаженная и профессиональная работа всех звеньев перевозочного процесса.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

29-30 октября текущего года на пограничных станциях Казахстана и Китая состоялся обмен 17 поездами в среднем в сутки.

Это стало итогом договоренности, достигнутой в ходе встречи представителей железнодорожных администраций Китая и Казахстана. Казахстанскую делегацию возглавил директор филиала АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Ал-

матинское отделение ГП» Нурым Жаниязов, а Китайскую – начальник департамента ООО «Урумчийская железная дорога» Лю Шучен. Они рассмотрели вопросы организации перевозок между пограничными железнодорожными переходами и обеспечения их беспрепятственного приема.

В сентябре текущего года на 28-м Совещании смешанных комиссий пограничных железных дорог РК и КНР достигнута договоренность по приему и передаче 14 поездов в

среднем в сутки по широкой колее станции Достык, в четвертом квартале – не менее 15.

За 10 месяцев текущего года объем перевозок грузов по железной дороге между двумя странами составил 14,2 миллиона тонн, что на 13,4% выше плана ОСЖД и на 23,8% больше показателя аналогичного периода прошлого года.

В том числе из Казахстана в КНР – 8,7 миллиона тонн, что на 15,8% к плану (+23,3% к 2018 г.), из КНР в Казахстан – 5,5 милли-

она тонн (+ 9,9% к плану) и на 24,5% выше показателя прошлого года.

В 2019 году благодаря усиленной совместной работе специалистов обеих сторон ожидается объем перевозок 16,5 миллиона тонн, что на 1,5 миллиона выше согласованного плана и на 2,5 миллиона тонн выше показателя прошлого года. На 2020 год объем перевозок планируется в размере 18 миллионов тонн.

Фото Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ЖҮК

ІШКІ КӨМІР ТАСЫМАЛЫ АРТТЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ желілерімен биылғы жылдың 1 мамыры мен 30 қазаны аралығында Қазақстанның ішіне 33,8 млн тонна көмір тасымалданған, бұл өткен жылдың жылыту маусымындағы жоспар көрсеткішінен 3 пайызға артық. Бұл туралы өткен аптада ҚР Премьер-министрі кеңсесінің баспасөз орталығында өткен брифингте айтылды.

Ұлан ОРАЗ

Коммуналдық-тұрмыстық сектор мен халықты көмірмен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған шараға ҚР ИИДМ өндірістік қауіпсіздік және индустриалды даму комитетінің төрағасы Қанат Байытов пен осы министрліктің көлік комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Тайжанов қатысты.

Бүгінде Қазақстанда халықты көмірмен қамтуды орындау жалпы жоспарға 76,1%-ды құрайды. Шұғыл мәліметтер бойынша осы жылдың 28 қазаны бойынша елімізде 88,2 млн тонна көмір өндірілген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 98 пайызды құрайды.

Елдің ішкі нарығына осы аралықта 61 млн тонна көмір жеткізілген. Соның ішінде энергия өндіретін кәсіпорындарға 46 млн тонна, өнеркәсіптік кәсіпорындарға 5,6 млн тонна, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен халыққа 9,1 млн тонна көмір жеткізілген. Ақтөбе, Жамбыл, ШҚО, БҚО, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері коммуналдық-тұрмыстық сектор үшін жылдық көмір жеткізу кестесін толығымен қамтамасыз етті.

Бүгінгі күні 4 көмір өндіруші компанияның нарықтық үлесі коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен халық үшін көмір жеткізудің жалпы көлемінің 89%-ын құрайды ("Шұбаркөл Көмір" АҚ (28%), "Қаражыра" АҚ (25%), "Майкубен-Вест" ЖШС (25%), "Богатырь Көмір" ЖШС (11%). «Шұбаркөл Көмір» АҚ аппараты бойынша көмір тиеу екі ауысымдық тәртіпте жоспарға сай жүзеге асырылуда. Осы жылдың 28 қазаны бойынша Ақтөбе облысы бағытында 10 вагон немесе 700 тоннаға жуық көмір тиелген.


Көмір бағасы кен орындарынан оны тиеу құнына, тасымалдау үшін теміржол тарифіне, жылжымалы құрамға қызмет көрсетуге, көмірдің биржалық бағасына, сонымен қатар халыққа көмір жеткізетін делдал ұйымдар мен жеке тұлғалардың маржаларына бай-

ланысты болады.

Деректер бойынша бүгінгі күні өндірудің өзіндік құнына және өткізу пункттеріне дейінгі жеткізу қашықтығына байланысты әртүрлі кен орындарының түрлі маркаларына көмірдің құны өңірлерде орташа алғанда 7-ден 19 мың теңге аралығында ауытқиды.

2019-2020 жылдардағы жылыту маусымында халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірдің қажетті санымен және сапасымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс министрліктің және жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



НОВОСТИ

ПЛАНОМЕРНЫЙ РОСТ

Объем перевозок АО «ОТЛК ЕРА» по маршруту Европа – Китай с начала года вырос на 24% в сравнении с аналогичным периодом 2018-го. А в обратном направлении – на 22%. Наиболее динамичным по-прежнему является железнодорожный транзит по территориям Казахстана, России и Беларуси.

В том числе по итогам третьего квартала текущего года перевезено 93174 ДФЭ, или на 9% выше аналогичного показателя минувшего года.

В целом на транзитных сервисах ОТЛК ЕРА за три квартала 2019 года объем контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай составил 228363 ДФЭ, что на 23% выше показателей 9 месяцев минувшего года. При этом доля базовых сервисов компании (в Казахстане, России и Беларуси) достигла 87%. С начала года в направлении Китай – Европа перевезено 134189 ДФЭ, а в обратном – 94174.

Несмотря на обозначившееся замедление темпов роста экономик Китая и Евросоюза, евразийский железнодорожный транзит планомерно наращивает объемы перевозок, отмечают в пресс-службе АО «ОТЛК ЕРА».

Показатель объемов перевозок постепенно переходит в фазу органического роста, вследствие чего выраженный в процентах прирост сокращается. Для сравнения: объем перевозок АО «ОТЛК» на базовых сервисах в январе-августе 2017 года составил 101,7 тысячи ДФЭ.

Роман ЛЮБИМОВ

УКРЕПЛЯЕМ ТРАНЗИТНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Казахстан и Китай обсудили вопросы транспортного сотрудничества.

С 31 октября по 1 ноября 2019 года в Пекине в рамках Казахстанско-Китайского комитета по сотрудничеству под председательством вице-министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Берика Камалиева и заместителя министра транспорта Китайской Народной Республики Лю Сяоминя состоялось 12-е заседание Казахстанско-Китайской рабочей группы Подкомитета по транспортному сотрудничеству.

В рамках заседания стороны обменялись информацией об объемах перевозок за прошлый год и девять месяцев 2019-го. Также обсуждены перспективы развития транзитных грузоперевозок контейнерными поездами из КНР через территорию РК.

Так, реализация транзитного потенциала является одним из приоритетных направлений экономической политики Казахстана. Ответственность за реализацию поставленных задач возложена на АО «НК «ҚТЖ». Нацкомпания усиленно развивает сегмент мультимодальных и транзитных перевозок.

По словам специалистов, в результате работы по наращиванию транзита по территории Казахстана, на сегодняшний день наблюдается значительный рост объемов перевозок грузов из Китая в Европу.

Объем транзитных перевозок по итогам 9 месяцев 2019 года составил 12,2 миллиона тонн. При этом лидирует маршрут КНР – Европа – КНР, доля которого по итогам 9 месяцев текущего года составила 51%.

Для привлечения транзитных грузопотоков через Казахстан в ҚТЖ проводится огромная работа. К примеру, реализуется ряд стратегически важных инфраструктурных проектов. Особое внимание уделяется модернизации инфраструктуры, реализуется гибкая тарифная политика, принимаются меры по увеличению скорости движения контейнерных поездов, формированию длиннооставных поездов.

Напомним, недавно ҚТЖ запустил контейнерный сервис по маршруту ТМТМ. Транзитом через казахстанскую пограничную станцию Алтынколь впервые прощеловал поезд из 42 40-футовых контейнеров сообщением Сяньюн – Стамбул – Прага.

Асель ШАЙХЫНОВА

АҚПАРАТ

ЖҮК ТИЕУ НЕГЕ АЗАЙДЫ?



Бүгінде Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша әртүрлі салада жұмыс атқаратын 70-ке жуық өндірістік өнеркәсіп орны бар екен. Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі соның ішінде «Стандарт цемент», «Кас-Бетон», «Шымкент цемент», «Састөбе цемент», «Алтын дән», «Тассай транс» жауапкершілігі шектеулі серіктестері мен «ЮТСЛ», КЛО секілді ірі компанияларға қызмет көрсетеді.

Жүк тиеуші бөлімше болғандықтан осы жылдың 9 ай ішінде жүк тиеу жоспар бойынша 8 млн 442 мың тонна болса, іс жүзінде 8 млн 102 мың тонна жүк тиеліп, орындауды 96% құрады. Яғни тиеу бойынша жұмыс көлемі 340 мың тоннаға немесе 4% кем орындалған. Бөлім мамандарының айтуынша, оның негізгі себебі Қызылсай станциясындағы «Стандарт цемент» зауытында тапсырыс болмапты. Айталық, қаңтар-наурыз айларында Мейлібай станциясынан тәулігіне 2 маршруттың орнына 1 ғана маршрут өндірістік шикізат артылған. Ал ақпан, шілде, тамыз айларында Тоғыз станциясындағы «Шымкент цемент» зауытында жүргізілген ағымдық жөндеу жұмыстарына байланысты жүк тиеу тоқтатылыпты. Сондай-ақ, үн тұтынушылардан және көрші елдерден үн сатып алуға тапсырыстар болмағандықтан жүк тиеу азайған дейді сала мамандары.

Сонымен қатар, мұнай және мұнай өнімдері 3 млн 578 мың тонна тиелген. Республика ішіне 2 млн 930 мың тонна, экспортқа 648 мың тонна тиеген. Цементтен 1 млн 159 мың тонна тиеліп, жалпы жүк тиеудің 14% үлесін құрап отыр. Экспортқа 583 мың тонна цемент жөнелтілген. Үн өнімдеріне келсек, 304 мың тонна тиелген, экспортқа 260 мың тонна, КР бойынша 44 мың тонна үн тиелген.

Десе де, бөлімше мамандары соңғы бес жыл ішінде жүк тиеудің көлемі артқанын айтады. Мәселен, 2015 жылдың 9 айында 5 млн 918 мың тонна тиелсе, осы жылдың 9 айында 8 млн 103 мың тонна жүк тиеліпті. Демек бұдан түскен кіріс те артаыны белгілі. Тоғыз айда Шымкент бөлімшесіне жүк тасымалдаудан түскен кіріс 33 млрд 940 млн теңгені құраған. Алайда өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда кіріс 3 млрд 71 млн теңгеге азайған. Мұның себебін мамандар вагон айналымының азайып кеткендігімен түсіндірді.

Жансаа СЫДЫҚБАЙ, Шымкент қаласы

КӘСІБИ ЖАТТЫҒУ САБАҒЫ



Өткен аптада Арыс-1 станциясы вокзалында Арыс қаласының Төтенше жағдайлар департаменті мен НОРП-28 Өрт сөндіру пойыздың ұйымдастыруымен «Вокзал гимаратындағы өртті сөндіру және адамдарды көшіру» тақырыбында өрт-тактикалық оқу-жаттығуы болып өтті.

Оқу-жаттығудың мақсаты – нысаннан шыққан өрттің алдын алу және өртті тез арада сөндіріп, гимараттың ішінен қызметкерлер мен жолаушыларды қауіпсіз жерге жедел көшіруді ұйымдастыру, өрт кезінде дұрыс шешім қабылдауды пысықтау.

Сонымен, жаңартылып жөндеу жүргізілген вокзалда өрттен қалай сақтану керектігі туралы алғышарттар көрсетілді. Алдымен вокзалдың қуту залындағы электр желісінен шартты түрде от шығып, гимарат қою түгін мен өртке оранады. Өртті сөндіруге НОРП-28 өрт сөндіру пойызы, ауданның №7 шұғыл жасағы, қалалық медициналық жедел жәрдем қызметі, теміржолдың ШЧ-38, ПЧ-54, ӘТЖК, ВЧД-30, ВП-38, ЭЧ-24, ДС, ТЧЗ-32, Вокзал-1 ұжымдары жұмылдырылды.

Өрт хабары жетісімен Шымкент ЖТ бөлімшесінің директоры Е.Ерманов станция операторына өрт сөндіру пойызын жөнелтуге жедел бұйрық берді. Арыс станциясының ұйымдастыруымен өрт сөндіру пойызы мен аудандық өрт сөндірудің №7 шұғыл жасағы жедел жетіп келді. ТЭМ2-6846 тепловозы вокзалға келіп жеткен бойда өрт сөндіруге маманданған арнайы пойыз жасағы жұмысқа кірісті. Сауатты да жылдам қимылдаған олар қызыл жалынның таралуына жол бермей тез сөндіріп, екінші топ гимараттағы адамдарды эвакуациялады.

Айта кетейік, өрт сөндіру оқу-жаттығуына 177 адам, 4 бірлік техника тартылды.

«ҚТЖ-ЖТ» АҚ – «Шымкент ЖТ бөлімшесі» филиалы мен Түркістан облыстық ТЖД арасында 4-ші тоқсанға жоспарланған оқу шарасы осылай өз деңгейінде өтіп, Арыс теміржолы вокзалында өткен іс-шара қанағаттанарлық деп қорытындыланды. Өз кезегінде басшылық құрылымдардың кәсібилігін, жеделдігін атап өтті», – деді ҚТЖ Шымкент қалалық қалпына келтіру және өртке қарсы қызметінің Арыс станциясы инспекторы Ізбасар Назаров.

Жан ПЕРДЕБЕК, Түркістан облысы Суретті түсірген автор

МАУСЫМ

ЖҰМЫС ОРНЫҒ ЖЫЛЫ МА, ТЕМІРЖОЛШЫ?

Қыста үскірік аяз бен боранда да жел өтінде жүретін теміржолшылар үшін жылу – маңызды мәселе. Өткен аптада Атырауда күн күрт суытып, алғашқы қырбық қар түсіп үлгерді. Қысқа темір жол мекемелерінің дайындығы қалай, теміржолшылардың жұмыс орны жылы ма?

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау



Осы мәселе жөнінде түсінік берген «Теміржолжылу-Атырау» мекемесі директорының орынбасары Самат Мұхитовтың айтуынша, Атырау темір жол бөлімшесіне қарасты барлық нысандарда 2019-2020 жылдарға арналған қысқа дайындық жұмыстары қарқынды жүріп, осы бағытта станция-разъездер, әкімшілік гимараттарда, жөндеу цехтарында жылулық жайлы болуы жіті қадағаланған. Бүгінгі күні жылу қалыпты деңгейде беріліп отыр.

Бірнеше жылдан бері «Теміржолжылу-Атырау» мекемесі Атырау облысының темір жол нысандарын жылумен қамтуды жүзеге асырып отыр. Атырауда ірілі-ұсақты оннан астам жылу қазаны қала басындағы электр, байланыс, жол дистанциялары, вагон депосы, станциялар, әкімшілік гимараттарды, Құлсары мен Сағызда 4 қазан болат жол бойындағы барлық нысандарды жылытып отыр, басқа аудандарда да солай. Ганошкинодағы бұрын әкімшілік

балансында болып келген темір жол нысандары «Теміржолжылуға» сенімді басқаруға берілді.

– «Теміржолжылу-Атырау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы жылға жоспарланған жұмыстарын бекітілген кесте бойынша жүргізіп жатыр. Қысқа дайындық негізінде Атырау және Ақжайық станцияларында 149 метр жылу жүйелері күрделі жөндеуден өтті. Барлық 4 жылу қазандарында – қазандарды жөндеу, тазалау, сынақтан өткізу, су

сорғыш құралдарын жөндеу, дайындау жұмыстары жүргізіліп, тұтынушыларға уақытында жылу энергиясы беріліп отыр. 2019 жылға арналған күрделі жұмыс жоспары бойынша 12 431 мың теңге жұмсалып, қажетті негізгі құралдар сатып алынды, соның ішінде вагондарды сумен жабдықтайтын су сорғыш, станциямызға ток беретін жаңа дизель-генераторы орналастырылды. Өңірімізге көгілдір отын – табиғи газ желісі қосылғалы, жылулық жағдайы жақсарып сала бергені рас. Бұрынғы желілердің тозығын жаңартып, озғын орнатып, қалай болғанда да жылу беру маусымын уақытылы әрі үздіксіз беруді қамтамасыз етуге тырысудамыз. Украинадағы зауытпен келісімшартқа отырып, газ қазандарын, реттеуші тұтату-жағу құралдарын алып, қала-аудандарда орналасқан мекемелеріміздегі қазандарға орнаттық. Был-тыр қыста ешқандай құрылымнан шағым түскен емес. Алда-жалда қандай да бір ақау табыла қалса, апат бригадасы жедел жетіп, азын-аз ақылға бәрін қалпына қояды. Кестеге сәйкес биылғы жылыту маусымын уақытылы қоңытқ, – дейді Самат Мұхитов.

Яғни, бүгінде барлық теміржол мекемелері жылуға қосылған, жұмыс орындарының суықтығы жөнінде шағым айтқан мекеме жоқ деп сендірді жауапты мекеменің басшысы.

Суретті түсірген автор

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ

БАЙЛАНЫС ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ БАБЫНДА

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары Жосалы мен Түркістан станциялары арасында қолданыстағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс, АЛСН, УКСПС, КГУ және КТСМ құрылғыларының жұмысында ақау жібермей, жылдың үш тоқсанын жақсы нәтижемен қорытындылады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, темірлерден кідіріссіз өтуіне жағдай жасай білген дистанциялықтар жыл соңына дейін ескірген байланыс құрылғыларын жаңартып, ескісін жөндеп, жамап-жасқап, қысқы жұмысқа мейлінше дайындық жасауда. Жыл басынан бергі тоғыз айда тосын жағдайлардың орын алуына жол бермеген. Байланыс құрылғылардың іркіліссіз және қалыпты жұмыс жасауын бақылап, дистанция темірлерінен өткізілетін жылжымалы құрамдардың жүру кестесінен ауытқымауын басты назарда ұстаған.

Дистанциялықтардың атқарған жұмыстары жайлы мәлімет ұсынған техникалық бөлім инженері Нұрлан Жүсіпбаев жыл басынан бергі кезеңде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзылуына жол берілмегенін жеткізді. Пойыздар кестеден ауытқымай, байланыс құрылғылары бабында жұмыс жасаған. СОБ техникалық құрылғыларының жұмыстан тыс қалуына орын алмаған, АЛСН құрылғыларының қауіпті ақауы тіркелмеген.

Тоғыз ай ішінде темірлерден өткізілген 154817 пойызды КТСМ құрылғысымен бақылаудан өткізген дистанциялықтар назарға ілінген құрамдардың арасынан 23 пойызды тоқтатып, тексеруден өткізгітті. Локомотивтің қызуынан, тежелуден және букстың қызу салдарынан тоқтатылған құрамнан 3 вагон ажыратылып, тоқтатылу себебі 100 пайызға дәлелденген.

– Жылжымалы құрамдарға сервистік қызмет көрсететін вагон қараушылар тарапынан бұдан басқа электр қуатының іркілісінен байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалуы тіркелген жоқ. Жұмыстағы тәртіп қатайтылып, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында барлық бөлім басшылары мен жауапты тұлғаларға тәулігіне кемінде екі мәрте балометрдің жұмысын қадағалап, нәтижесін тиісті тұлғаларға хабарлап отыру тапсырылды. КТІП мен КТСМ модулі арасындағы кабельдерді тексеруден өткізу, сонымен қатар кез келген тосын жайттың алдын алу үшін теміраралық КТСМ посттарындағы өртке қарсы дабылқаққыштарды үнемі тексеріп отыру жолға қойылған. Мұнымен қоса байланыс құрылғыларының қалыпты жұмысын жетілдіру



үшін оларды ағымдық жөндеу, күнделікті күтіп-баптау жұмыстары қоса-қабат атқарылуға, – деді техникалық бөлім инженері Нұрлан Жүсіпбаев.

Дистанциялықтар жыл басынан бергі уақытта Жосалы мен Түркістан станциялары арасындағы дистанция темірлерінде аралық жарықдиодты модульдердің стативтерідегі линзалы кешендерін жаңалаған. Сонымен қатар темірлердегі релелік шафтардағы ТМ блогының КІПШ трансмиттерін алмастырған. Перегондардағы бағдаршамдардың жарықдиодты модульдерінің линзалы кешенін, бағыттамалы бурмалардағы ППР3-5000 құрылысын жаңалау, электрожетекті ауыстыру, ДСНП-2 қуат көзін ПОВС-3 және БВЗ қуат көзіне жаңалау жұмысы, ФУ-1 релесін 2ФУ2 релесімен алмастыру секілді күнделікті атқарылатын жұмыстарды да тыс қалдырмай, байланыстың бабын жасауда.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛ

АЯГӨЗ СТАНЦИЯСЫ: ЖҮК ТҮСІРУ АРТУДА

Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты Аягөз станциясының теміржолшылары биылғы жылдың жоспарлы шараларын толық орындап, толағай табыспен қорытындыламақ. Қозғалыс және еңбек қауіпсіздігін сақтаудағы жетістік өз алдына, тасымал көлемі, вагондар айналымы, жүк тиеу-түсіру де жылдағы есепті мерзімнен анағұрлым жоғары болып отыр.



Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Аягөз станциясының басшысы, логистика саласы бойынша елеулі еңбек өтілі бар білікті басшы Еркін Тойкеновтің айтуынша, бірінші кезекте ұлттық компания басшылығы алға қойған басымдықтарға баса назар аударылады. Атап айтсақ, өндірістегі үнемділік, эксплуатациялық жұмыстар, жүк тасымалын арттыру және жеделдету сынды мәселелер айрықша назарда. Оның ішінде әсіресе жүк тиеу мен түсіру ісінде жетістік мол. Биылғы 9 айдың басты ерекшелігі, тапсырыс беруші клиенттер санының артуына байланысты жылдағы үрдіске қарағанда жүк түсіру жұмыстары анағұрлым артып отыр. Мәселен, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 2553 вагоннан тұратын жүк түсірілсе, биыл оның көлемі іс жүзінде 117,1 пайызға артып, 2992 вагонға дейін жоғарылап отыр.

Осы ретте құрылыс материалдарын өндіретін «Алина Холдинг» сынды басты клиенттің үлесі жоғары. Атал-

мыш алпауыт мекеменің бір өзі жаз мезгілінде ең кемі айына 150 вагонға дейін тапсырыс беріпті. Сол тәрізді «Шығыс-Даму», «Сәтпаев» ЖК сынды мекемелердің тұйық желілеріне көмір тасымалдануда.

Сонымен қатар, жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда металл сынықтары мен тыңайтқыштар, құрылыс материалдарын, жергілікті өнеркәсіп өнімдерін тиеу-түсіру ісі де жоғарылап келеді. Нәтижесінде 9 ай ішінде жүк тиеу фактісі нақты жоспар бойынша 210,4 пайызға дейін артып отыр.

– Мезгіл қара күз болғанымен де жүк түсіру айтарлықтай жоғары. Тораптық станция болғандықтан жұмысымыз әрдайым қауырт. Жергілікті «Аягөз-Көмір» мекемесіне Қаражырадан қатты отын жеткізіп жатымыз. Бұдан өзге бірқатар кірме жолдарға көмір тасымалдаймыз, – дейді Аягөз станциясының бастығы Еркін Шаубанұлы.

Бір ерекшелігі, биылғы жылы Аягөз қаласында көмірге деген сұраныс артып отыр екен. Оған себеп, іргелес аудандарға да көмір тасымалының көлемі өскен. Қазіргі күні Аягөз

шаһарын абаттандыру жұмыстарына байланысты мазут пен битум тәрізді құрылыс материалдарына тапсырыстар да жоғарылап отыр. Сол тәрізді «Аягөз-Астық» мекемесі еліміздің батыс облыстары мен Өзбекстан мемлекетіне дөңді дақылдар тасымалын арттырған.

Станция бойынша экономикалық тиімділікті еселеуде де бірқатар батыл қадамдар жасалыпты. Осы орайда дұрыс жоспарлаудың нәтижесі болар, қазіргі нарықтық ахуал теміржолшылар жағында. Бір ғана мысал, экономикалық тиімділікті еселеуіне жаңадан ашылған ірі өндіріс ошақтарын теміржол қызметін пайдалануға тарту және жүк тасымалдаудағы автокөліктен шойынжолға көшіру шаралары оң ықпалын тигізген. Бұл ретте іргелі кәсіпорындармен, атқарушы билікпен бірлесіп жұмыс жүргізілуде. Айта кетерлігі сол, іскерлік әріптестік аясында жаңа көкжиектер әлі де ашылуға.

Жалпы, Орта Азия мен Ресейдің Сібір бөлігін жалғайтындықтан әрі Қытайдың Отанымызбен алыс-берісі мол Шыңжаң өлкесімен халықаралық автокөлік қатынасы түйсетін Аягөз шаһарының логистикалық маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде. Бұл әлбетте өз кезегінде теміржол саласына экономикалық тұрғыдан оң ықпалын тигізіп жатыр.

Қазіргі күні бөлімше басшысы Марлен Көкрекбаевтың тапсырмасымен станциядағы техникалық процестер бойынша бірқатар жаңашылдықтар да орын алуда. Атап айтсақ, вагон жөндеу депосының тепловоздарын станция басына шығарып, маневрлік жұмыстар барысында қосымша пайдалану көзделуде.

Сонымен қатар, станциядағы жұмыстар бойынша бірқатар тың шаралар атқарылған. Мәселен, локомотив бригадасы мен пойыз құрастырушылары қызметіне инструкциялық өзгерістер енгізілген. Аталмыш қызметке қабылданушылар тек емтихан тапсырғаннан кейін ғана станция басшысының рұқсатын ала алады.

Бүгінде Аягөз станциясы бірінші клаcқа жатады. Қазіргі күні штаттық кесте бойынша 54 теміржолшы еңбек етуде. Маусымдық жағдайда тәулігіне 20 шақты жол жүк пойызы, онға таяу жолаушы пойызы өтетін тораптық станциядағы жұмыстар қыс қарсаңында да қауырт. Ал осынау іркіліссіз жүріп жатқан үдерісте негізінен жастар еңбек етеді екен. Яғни, станциядағы теміржолшылардың 80 пайызын жаңа буын өкілдері құрайды. Демек, осынау жетістіктердің барлығында да жаңашылдықтың, жаңа толқынның лебі сезілетіні сондықтан болса керек.

Суретті түсірген автор

СОЦИУМ

ВЫСТУПИЛИ С ИНИЦИАТИВОЙ

Два десятка представителей от предприятий стальной магистрали участвовали на встрече акима Усть-Каменогорска Жаксылыка Омара с населением железнодорожного микрорайона «Защита». Они стали инициаторами предложений по улучшению среды проживания, транспортной логистики внутри города.



железнодорожников, – сообщил представитель акимата Усть-Каменогорска Рустам Шаирали. Делегацию железнодорожников на встречу возглавил исполняющий обязанности первого заместителя директора Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок Отарбек Касымбеков. Кроме работников стальной магистрали, здесь присутствовали и пенсионеры. Ветеран, Почетный железнодорожник Александр Степура выступил от имени всей делегации. Мы благодарны вам за то, что продолжается освещение и благоустройство улиц, где проживают работники стальной магистрали, парка микрорайона, – обратился он к исполнительным властям. – Особая благодарность за то, что в нашем микрорайоне две улицы в этом году переименованы в честь железнодорожников – это Теміржолшылар и имени Мухамеджана Тынышпаева. В то же время необходим

ремонт улицы в микрорайоне, которая ведет к Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо. На данный момент она разбитая, нет тротуаров. Общая проблема для железнодорожного микрорайона – недостаток мест в дошкольных учреждениях. Пока же молодые специалисты, работающие на железной дороге, вынуждены везти своих детей в город и испытывать очень большие неудобства. Есть необходимость реконструкции улицы, которая начинается по выходу с железнодорожного пешеходного моста на вокзале Оскемен-1, чтобы с нее был удобный выход на центральный проспект Усть-Каменогорска имени Нурсултана Назарбаева. Железнодорожники выразили надежду, что городские власти и в этих вопросах их услышат и учтут озвученные предложения.

Фото автора

Ольга УШАКОВА
Оскемен-1

На отчетной встрече, где собралось больше сотни активных жителей микрорайона, представители акимата выразили благодарность железнодорожникам за их участие в общественной жизни Усть-Каменогорска, проведении субботников.

Представители организаций стальной магистрали, помимо своих подведомственных территорий, организовали субботник на улице Теміржолшылар, в парке железнодорожников микрорайона «Защита». Во время всеобщих субботников вывезено 270 кубометров мусора. На днях работники Усть-Каменогорского вагоноремонтного депо при участии депутата городского маслихата Майраш Екшибасовой провели акцию «Экологический субботник» по уборке парка

АКТУАЛЬНО

ЕСТЬ ПРОБЛЕМА

Сегодня в Павлодарском отделении ГП на железнодорожных путях простаивают сотни вагонов в ожидании зерна нового урожая. Основная причина сложившейся ситуации – несогласованные действия грузоотправителей, экспедиторов, операторов вагонов с владельцами подъездных путей и элеваторов.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Отгрузка зерновых культур и социально значимых грузов (мука, крупа) производится со станций Павлодар, Рождественка, Жолкудык, Калкаман, Шарбакты и Тургай. Сейчас железнодорожники столкнулись с проблемой простоя вагонов на станционных путях порожних вагонов. Их число в среднем в сутки составляет от 110 до 140. Это затрудняет пропускную и перерабатыва-

ющую способность станций. Причина проблемы – грузоотправители, экспедиторы и операторы вагонов не согласовывают свои действия с владельцами подъездных путей и элеваторов, что и приводит к массовому скоплению порожних вагонов на путях станции. Вагоны в порожнем состоянии передаются на соседние станции Павлодарского отделения, что отвлекает локомотивный парк.

– На сегодняшний день только на Шарбакты простаивают 100 вагонов на станционных путях

